



# АЛАТАУ

## Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№26(36) 28 маусым 2024 жыл

**Семинар**

### ӘСКЕРИ ӨМІРЛЕРІНЕ ДЭН РИЗА

Ауданымыздың Құрметті азаматы Исаев Әмзе Әлдибекұлы басшылық жасап отырған Іле аудандық ардагерлер ұйымының ағымдық жоспарына сәйкес, Боралдай кентіндегі №54 орта мектебінде жастарды жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу мақсатындағы «Отанды қорғау-абыройлы борыш» атты аудандық конференция болды. Конференцияға аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері, ауылдық және кенттік округтердегі бастауыш ардагерлер, аналар, «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары мен кеңес мүшелері, сондай-ақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник Гаппаров Сұлтанмұрат Сұлтанұлы, әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімше бастығы майор Сырман Дәуренұлы Елемесов, «Алатау жастары» облыстық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Орынбасаров Нұрсұлтан Жұмабайұлы қатысты.

Күн тәртібіне байланысты Әмзе Әлдибекұлы және Сұлтанмұрат Сұлтанұлы баяндама жасады. Баяндама соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптарын

тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы, майор Арман Ибуллаев бастаған аға офицерлермен қатар сакадай сай сап түзеген полк сарбаздары бізді күтіп алды. Полковник

қорғаушы жастар әскери өмірлерінде еш қиыншылықтың жоқ екендігін айтып, өздеріне жасалып отырған барлық жағдайға дән риза екендіктерін айтты. Сарбаздардың жатын орындарын, асханасын көріп шықтық. Көңілімізге түйгеніміз-бұл әскери бөлімшеде сарбаздардың алаңсыз толық қанды әскери борышын өтеулеріне бар жағдайдың жасалғандығы.

Кездесу соңында қорытынды сөз сөйлеген Әмзе Әлдибекұлы Қазақстан армиясы кез-келген уақытта Отанды қорғауға дайын болуға керек екенін айтып, Бауыржан Момышұлы атамыздың «Ерлік-елдіктің қасиеті, жүректілік-жігіттің қасиеті» деген аталы сөзімен жиынды аяқтады.

Реті келгенде айта кеткен жөн, семинардың өтуіне бар жағдайды жасап,



берді. Сондай-ақ жарысөзге шығып сөйлеген Сырман Дәуренұлы, Батырхан Жәрдемұлы, Мариям Айдарқызы, Айгерім Сансызбайқызы, Нұрсұлтан Жұмабайұлы, Мейрамкүл Түйебайқызы аудандық жастарын Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу жолдары туралы өз ойларын ортаға салды.

Сөз кезегінде Боралдай кенті аналар кеңесінің төрайымы Мархаба Қаламбайқызы жастарға арнаған жүрек жарды ән шашуын жолдады. Ал ауданымыздың Құрметті азаматы Көрпебаев Қабылан қариямыз көпшілікке ақ батасын берді. Міне, осылай ашық пікірде өткен конференциямыз өз мәресіне жетті.

Келесі біздің жиынымыз Боралдай кентінде орналасқан №16194 әскери бөлімінде өтті. Біздің мақсатымыз Отан алдындағы әскери борышын өтеп жатқан сарбаздарымыздың тыныс тіршілігімен танысу болатын. Полк командирі, полковник Елубаев Самат Нұрлыбекұлы, оқу-жаттығу орталығының бастығы, подполковник Байбатыров Талғат Асылханұлы, бөлім командирінің

Самат Нұрлыбекұлы өзі басқарып отырған әскери бөлімі туралы бізге жан-жақты мәлімет берді.

Ашық сұрақ жауап жағдайында өткен кездесуде біздің тарапымыздан сарбаздарға «Қандай қиыншылықтар бар?», «Сарбаздар арасында әлімжеттік жағдайлар бола ма?», «Кейінгі әскерге келетін жастарға қандай ұсыныс тілектер айтар едің?», - деген сұрақтарға Отан

сарбаздармен кездесуді жоғары дәрежеде ұйымдастырғаны үшін Боралдай округтік ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полковник Шорманов Нұрлан Амангелдіұлына шың көңілден ризашылықпен алғыс айтамыз.

**Д. ЖАМАЛБЕКОВ,**  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагер кеңесінің төрағасы.  
Іле ауданы.



**ЖАҢАЛЫҚТАР - ВЕСТИ**

### Алматы облысында 1 млн 138 мың тұрғын МӘМС жүйесіне тіркелген

**KAZINFORM** – Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Оның айтуынша, қазіргі таңда Алматы облысында бір жарым миллионнан астам адам тұрады және 1 млн 138 мыңнан астамы «сақтандырылған» мәртебесіне ие. Оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлерімен, зейнет жасындағы адамдар және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін мемлекет тарапынан жарна төленеді.

Жалпы алғанда Алматы облысында «сақтандырылған» мәртебесіне ие тұрғындардың 70 пайызына жарна мемлекеттен төленіп отыр. Дегенмен, Тілеухан Әбілдаев өңірде 401 841 адам әлі күнге МӘМС жүйесіне қосылмағанын атап өтті.

Сондай-ақ оның айтуынша, облыста 71 медициналық мекеме арнайы қордан қаржыландырылады. Бүгінге дейін 52 емханаға 1 897,9 млн. теңге төленген.

### Спасатели ликвидировали угрозу подтопления села Ават в Алматинской области

В дачном обществе села Ават Енбекшиказахского района Алматинской области из-за трещины на стыке бетонного межколхозного поливного канала произошел подмыв грунта опоры с последующим разрушением одной секции, передает агентство Kazinform со ссылкой на МЧС региона.

Произшедшая ситуация привела к подтоплению 4 дворовых территорий.

- Путем перекрытия шлюза и перенаправления воды в другой канал подача воды остановлена. Угроза подтопления снята, - говорится в сообщении.

Отмечается, что на данный момент ведутся ремонтно-восстановительные работы и откачка воды из дворовых территорий.

Кроме того, создана комиссия из представителей местных исполнительных органов для уточнения возможного ущерба.



### Алматылық оқушылардың қала сыртындағы жазғы демалысы басталды

**KAZINFORM** — 20 маусымнан бастап қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне алматылық оқушылардың алғашқы легі аттанды.

Алматы қаласының Білім басқармасы ерекше білім беруді қажет ететін 100 баланы «Балдәурен» балалар лагеріне 10 күнге сауықтыру демалысына жіберді. Лагерь Қапшағай су қоймасының әдемі солтүстік жағалауында орналасқан.

Балалардың демалысын қызықты өткізуі, түрлі іс-шараларға қатысуы және жаңа достар табуы үшін барлық жағдай жасалған. Педагогикалық білім мен медицина қызметкерлері бар арнайы дайындалған кеңесшілер балалардың қауіпсіз және жайлы тұруын қамтамасыз етуге дайын.

«Биыл қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ету үшін балалар лагерлерінде бақылау күшейтілді. «Балдәурен» лагерінде қатаң санитарлық бақылау, аумақтың қауіпсіздігін арттыру және балаларды жүйелі түрде медициналық тексеруден өткізу сияқты қосымша шаралар енгізілді», - дейді Алматы қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Рафаэль Гасанов.

Сарапшылардың айтуынша, бұл балалардың жазғы демалысын барынша қауіпсіз және ең қолайлы ортада өткізуін қамтамасыз етеді.

Алматыда биыл 266 мың сауықтыру және жұмыспен қамту сінды екі бағытта жазғы демалыспен қамтылады.

Оның ішінде 3 мыңнан астам бала қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлерінде демалатын болады.



**БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:**

**ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ВАРШАВА ШАРТЫ**



2-бет

**АҚЫННЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ**



3-бет

**БАҚБАҚТЫЛЫҚТАР ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНДІ**



3-бет

**МВД И СПОРТСМЕННЫ ПРОТИВ НАРКОТИКОВ**



4-бет



Ардагерлермен кездесу

## ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ВАРШАВА ШАРТЫ

Германия және Варшава шарты ұйымының Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы филиалы Еңбекшіқазақ ауданында 2014 жылы құрылған болатын. Майдин Абдуллаев және Бекқожа Сағымбек бірлесіп отырып құрылған күннен бері ұжым жоспарлы жұмыс істеп келеді.

Жоспар бойынша әр ауылдарда жылына екі реттен үлкен кездесулер өткізу назарға алынған. Соның бірі таяуда өтті. Осы жиынға Еңбекшіқазақ аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы, Ұлы Отан соғысы ардагерлер алқасының төрағасы Ұзақов Тілеулес Дюсебаевич, сол сияқты ауыл ақсақалдары, ауыл жастары және мектеп ұжымдары қатысты. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш алаңында тілек білдіріп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Мектеп мәжіліс залында Тілеулес Дюсебаевич осы



іс-шараның ауыл жастарына, мектеп оқушыларына қазақстандық патриоттық тәрбие беру ісінде маңызды екенін атап айтты. Келесі сөз кезегін алған мектеп директоры Ильяр Нұрқалыков осы шараның мектеп ұжымына, мектеп оқушыларына тигізген үлесі зор екенін, әрқашан да мектеп есігі ашық екенін айтып, тілек білдірді.

ГСВГ және Варшава шарты ұйымы төрағасының орынбасары Бекқожа Сағымбек осы шараны өткізуде Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің басшысы Арайлым Төлеубековаға, мектеп директоры Ильяр Нұрқалыковқа алғысын білдіріп, ардагерлерді татулық пен ауызбіршілікке шақырды. Ауданымыздағы музейге барып, Ұлы Отан соғысы ардагерлері ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, кездесулер өткізіп, баяндама оқып, видео роликтер көрсетіп балаларға патриоттық тәрбие берілді.

Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімінің қатысуымен 9-11 сынып оқушылармен кездесулер өткізіп, әскери бөлімшелерге барып, ішкі саясат бөлімімен,

аудандық әкімшілікпен, аудандық білім бөлімімен тікелей бірге қарым-қатынаста жұмыстар жүргізілді.

Атап айтар болсақ, Еңбекшіқазақ ауданы Байсейіт ауылындағы Исмаил Таиров атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Муслим Ебибуллаев көзін байлап, автоматты шашып, жинады. Сол секілді 10 сынып оқушылары Халимәм Аутова мен Нияра Абдухаликова да автоматты шашып жинауда өз өнерін көрсетті.

Биыл Германия және Варшава шарты кеңесі құрылғанына 79 жыл болды. Осы 79 жылдығына байланысты Байсейіт ауылында маусымның тоғызында кездесу өтті. Кездесуге ардагерлерді шақырып, мектеп ұжымымен, мектеп директорымен кездесулер өткізілді. 9-11 сынып оқушыларымен автоматты шашып жинауды қалай жасу керектігі туралы айтылды. Концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, Байсейіт орта мектебінің директоры Ильяр Нұрқалыков «Ел құрметі» медалімен, АӘД мұғалімі Таиржан Аblaпов «ГСВГ ардагері» медалімен, Куламан Усенов «Қазақстан патриоты» медалімен, Мұрат Қағазбаев «Воин интернационалист» медалімен, Бекқожа Сағымбек «Ел құрметі» медалімен марапатталды.

Өз тілшімізден.

Ақтаңдар ақиқаты

## ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШКЕН АРДА АЗАМАТ

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары бала болсақ та есімізде. Тоғыз жолдың торабындағы Текес ауылында қазақ пен орыс қоян-қолтық араласып, ғұмыр кешті. Бір халықтың ғана сойылын соққан біржақты саясаттың үстемдігі, болмаса орталыққа арқа сүйеген «аға ұлт» өкілдерінің өктемдігінен бе екен, ауылдағы көшелердің ұзыны да, көлденеңі де бұл өңірге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдардың, солардың тарихқа белгісіз жеті аталарының атымен аталушы еді. Олардан артылғаны орналасу тәртібіне қарай «Западная», «Школьная», «Шоссейная», «Новоселье» деп кете беретін. Жарты белінен үзіліп, «шолақ көше» атанған екеуі ғана данышпан Абай мен батыр Амангелдіге бұйырыпты. Саясаттың құрығынан жасқанды ма, болмаса «осыған да тәуба» деді ме, ел тізгінін ұстаған азаматтар бұл мәселеге қызығушылық танытып, бастарын ауырта қоймаған сияқты.

Күндердің күнінде ауыл ортасындағы үлкен дүкеннің құрметіне «Универмагская» атанған тағы бір жарты көшедегі үйлердің қабырғасындағы бұрынғы атаулардың орнына «ул. А. Акимжанова» деген жазуы бар қаңылтырлар ілінді. Мектеп оқушылары – біздер бұл есімнің көше атына қандай қатысы болғанын біле алған жоқпыз. Сөйтсек, қайтыс болғанына екі-үш жыл өткен, тіршілігінде біраз жыл Текес ауылдық кеңесін басқарып, жергілікті жұртқа «селсебет» атанып кеткен Әбілқасым Ақымжановты есте қалдыру мақсатында берілген екен. Әрине, өткен тарихтан бейхабар кейбір үлкендердің де, бала-біздің де көкейімізде бұл жайт ол кісінің көзі тірісіндегі мансабына бола берілген шығар деген түсінік қалыптастырғаны жасырын емес. Өйткені, бұған дейін ол кісі туралы дұалы ауыздардан да, кеңес үкіметінің майын тамызға құлағымызға құятын мұғалімдерден де жарытып ештеңе естіген жоқ едік. Тек кейбір үлкендердің айналасына жалтақтай қарап, сыбырай айтқан әңгімесінен үзіп-жұлып естігеніміз - Әбілқасым Ақымжановтың сотты болып, ұзақ жыл Сібір жақта жүріп қайтқаны ғана. Не үшін, қандай қылмыс, кінәсі үшін жазаға тартылды, ол жағы бұлыңғыр. Бізді толғандырған бұл мәселеге Тәуелсіздік туы желбіреп, жариялық атты жаңа ұғымның үні санамызға себезгілеп сіңе бастаған шақта ғана көзіміз жетті. Шырылдаған шындықты шыңыраудан шығаратын кезеңге талпыныс жасап жатқан тұста немере інісі Мәкен Әлиасқаровтың «Замана зардабы» атты кітабы қолымызға тиді. Бүтіндей бір азаматтың талайлы тағдыры сыр болып шертілген кітапты парақтаған кезде Әбілқасым Ақымжановтың не үшін жазалы болғаны жайлы өзімізді толғандырған жоғарыдағы сұрақтың жауабы аңдағайлап алдымыздан шыға келді.

1904 жылы аспантаулар аясындағы Тегістік аталатын өңірде кедей-шаруа Ақымжанның отбасында өмір есігін ашқан Әбілқасымның балалық, жастық шағы әсірелеп айтатындай онша қызықты болмаса керек. Ақ патшаның отарлау саясаты шарықтау шегіне жетіп, өлместің күнімен жүрген қара тобырдың жағдайын бұрынғыдан да ауырлата түскен. Ол аздай, ел ішіндегі атқамінерлердің отарлаушылар берген шенді шекпенге мастанып, солардың сойылын соғуы да жығылған үстіне жұдырық болып, бала жүрегіңдегі шер-шеменді қалыңдата түскен. Әділетсіздіктің не түрлі сұрқылтайына куә болған бозбала бостандық пен еркіндіктің ақ таңы арайлап атып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заманды аңсағаны және ондай атты күн туатынына үміт артып, асыға күткені-ақиқат. Арманы алдамады. Көп ұзамай бостандық таңының сәулелі шапағы көріне бастады. Әбілқасым сынды зар заманның қамытына шегілгендердің күні туды. Халықтың қамын ойлайтын «кеңес» аталатын жаңа өкіметтің ғұмыры баянды болуы үшін оқу-білімнің қажеттілігін айқын сезінген ол алғашқы білімін жергілікті жерде ұйымдастырылған сауат ашу мектебінен бастайды. Бұдан кейінгі білімін 1925-30 жылдары Жаркентте ашылған уездік білім жетілдіру мектебінде жалғастырады. Онымен шектелмей, еңбекші бұқараның шыбын жаны, қасық қанымен, маңдай терімен келген жаңа заманды жар сала елге насихаттаумен болады. Сөйтіп, өзін аяғынан тік тұрып келе жатқан кеңес өкіметінің белсенді күрескері ретінде шындайды.

Жерлесіміз, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрбапа Өмірзақов Жаркент уездік жастар одағы комитетінің бірінші хатшысы болғанда, бұл екінші хатшы қызметін атқарыпты. Сол кезде Жаркенттегі Ахмет Байтұрсынұв атындағы мектеп-интернатқа оқып, тәлім алған Инаш Шорманов, Сұраншы Сауранбаев, Ахмет Алпысбаев, Кәрібай Мерекеев сынды көзі ашық азаматтар жаңа қоғамның қозғалысына Әбілқасыммен үзеңгі қағыстыра үн қосып, тер төккені екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Бірақ, ақиқаты солай. Жігерлі де жалынды жасты жақсы таныған жоғары орындағылар оған ұлкен сенім артып, 1932 жылы Жалаңаш ауылына мал шаруашылығына басшылық жасауға жібереді. Сенімге селкеу түсірмеуді мақсат тұтқан ол осы өңірдегі мал шаруашылығының дамуына, халықтың әл-ауқатының өсіп-өркендеуіне ерекше ден қойды. Ұтымды ұйымдастырушылығы, қарым-қабілеті мен

қажыр-қайраты, мейірімі мен ақыл-парасаты, адамгершілік асыл қасиеті көптің сый-құрметіне бөлейді.

1936 жылы белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосов Кеген аудандық партия комитетіне бірінші хатшы болып келгенде оның тікелей ұсынысымен уездік комитет Әбілқасым Ақымжановты екінші хатшы қызметіне тағайындапты. Аудан тізгінін қолдарына алған қос тарлан сол күндерде халықпен етене араласып, аспан-таудың сай-сала, құз-қиясын, жыра-жықпылын қоныстанып отырған ел-жұртты салт атпен аралап, өкімет пен партия саясатын, жоспар-жобасы мен алға қойған мақсат-міндетін насихаттап, жан-жақты түсіндіруді басты назарда ұстаған. Сөйтіп, қиыр жайлап, шет қонған қарапайым халықтың хал-тұрмысын жақсартуға, санасына саңлау түсіріп, ой-өрісін кеңейтуге білім-біліктерімен күш салады. Амал не? Таулы өңірдегі тау мінезді жұрттың көкірегіне сәуле құйып, аузын аққа енді тигіздік-ау деген шақта жеке басқа табыну саясаты жүріп береді. Ол ел ішіндегі «халық жауларын әшкерелеу» науқанына ұласып, қызыл қырғын, сары сүргін заман басталып кетеді. Осының алдында ғана қызмет бабымен облысқа ауысқан Ораз Жандосов бара салысымен «халық жауы» ретінде қуғын-сүргін құрығына алғашқылардың бірі болып ілінеді. Көп ұзамай-ақ, онымен қатар жүріп, қызмет істегендердің сары ізіне түсу басталады. Ойламаған жерден дауыл болып соққан нәубеттің қақпанынан Әбілқасым да құтыла алмайды. Бір түннің ішінде қол-аяғы бұғауланып, Алматының түрмесінен бірақ шығады. Түрмедегі орынсыз сұрақтардың астында қалған азапты күндер басталады. Түрме жендеттері мұны еш кінәсіз ұрып-соғып, Оразбен екеуінің арасындағы сыбайластық туралы ойдан шығарылған не түрлі бәлені басына үйіп-төгеді. Бірақ, бұл ол жаланың ешбірін де мойындамапты. Мынадан кейін дәуірі жүріп тұрған жендеттер аясын ба! Есінен тандыра соққылап, қараңғы қапсақа итше лақтыра салыпты. Тар қапсақтағы өзімен тағдырлас жандардың көмегімен есін ертсеі әрен жиған Әбілқасымның қолына түрме тергеушісі соттың үкімін ұстатады. Бір түннің ішінде шығарылған үкімде бұған «халық жауы Ораз Жандосовпен ауыз жаласып, үкіметке қарсы қстандық ұйымдастырды. Қазақстанды кеңес өкіметінен бөліп алып, милитаристік Жапонияға қоспақшы болды» деген айып тағылыпты. Сөйтіп, өзі түглі жеті атасы көрмеген айдаладағы Жапонияның тыңшысы атанып, 10 жылды арқалап, Сібірдің Магадан өлкесінен бірақ шығады. Жер асты шахтасында құм-топырақ шайқап, алтын іздеу жұмысына шегіледі. Үш ай ғана жаз болатын «итжеккен» аталатын өңірдің ақырған аязы мен жер астындағы ауыр да азапты жұмыс, сырты мұзбен құрсауланған қазарма, қара су, қатқан нан, оған қоса түрме қарауылдарының адам жанын қорлайтын орынсыз іс-әрекеттері. Бұған шыдаудың өзі-қасырет. Әбілқасым мұндай қорлықты көргенше майдан өтінде жан бергенді жөн санап, соғысқа сұранып, түрме әкімшілігіне өтініш айтқан көрінеді. Бірақ, өтініші қанағаттандырылмаған. «Халық жауы» атанып, не қиындықтарды басынан өткерген ол кесімді мерзімі біткен соң, 1947 жылы азап аймағынан біржола босап шығады. Туған жері мен елін, өскен ұясын қанша сағынса да бірден елге оралуға жүрегі дауаламаса керек. Өйткені, пәле іздеп, сойылын суға салып отырғандар ел ішінде әлі де бар еді. Пәле қайда, жала қайдан. Бағыда өзіне айтақ болып ұстап берген сондайлар тағы да сары ізіне жарық алып түсіп бермесіне кім кепіл. Аумалы-төкпелі заман бір қалыпқа түскенше қарайған жерден ағарғанды жөн санап, Магаданның Усть-Тасқан аталатын аймағында Ұлы Отан соғысынан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмысына қалады. Осында жүріп, өзімен тағдырлас Айман атты азаматшамен көңіл қосып, тұрмыс құрады.

Ресейдің Саратов облысы, Краснопуть ауданының тумасы Айман Артығалиева колхоздың астық қоймасына менгеруші болып тұрған шағында тексерушілердің анықтауымен 200 кг астық кем шығып, сол үшін 14 жылды арқалап кете барған. Сібірдің дәмі тартып, жазасын сары аязы сақылдап тұрған өлкеде өтеген Айман 1951 жылы ғана еркіндікке шығыпты. Түрме тағдыры тоғыстырған Әбілқасым мен Айман сол жерде еңбек ете жүріп, үш пайыз сүйеді. Жат жерге

бауыр басып қалса да туған жерге деген сағыныш азаматтың жанын жай таптырмағаны анық еді. Жазықсыз жазаланғандарды ақтау туралы Үкімет жарлығы шыққан соң-ақ, «халық жауы» деген жаман аттан құтылып, партиялығын қалпына келтіріп, жан-жары Айманды қолтықтап, үш баласы Әбілжан, Нұржамал, Нұржанды бірін құшағына, бірін жетегіне алып, атамекен, кіндік қаны тамған топырағы Тегістікке, ел-жұртының ортасына оралады.

Бұл 1956 жылдың күлімдеген көктемі еді. Ел іші – алтын бесігі тағдырдың жазуымен ұзақ жыл орталарынан саяқ кеткен азаматты қуана қарсы алып, ат шаптырып, той жасайды. Жабыла ұйымдасып, іргеде тұрған Текес ауылынан шаңырақ көтеріп береді. Ұзақ жыл ортасынан аулақта жүрсе де елі мен жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін жүрек түкпіріне берік сақтаған ол ел өміріне қатысты мәселеге бұрынғысынан білек сыбана кіріспесе де көпті көргендігін танытып, айналасындағыларға тура бағыт сілтеуден айнымайды. Заманның тыныштығы, ел-жұрттың, ағайын арасының бүтіндігі мен татулығын ойлайды. Ел басына төніп, талайларды қан қасқатқан қасыреттің қайта оралмауын тілейді. Үлкендерді татулыққа, еңбек-қорлыққа, бауырмалдыққа шақырып, жастарды оқу-білімге, тәлімді тәрбиеге үндейді. Олардан көмегін аймайды. Ауыл, аудан басшыларымен жолығысқандағы әңгімесі де елдің тыныс-тіршілігі мен әл-ауқаты айналасында өрбиді. Өзіндік көзқарасы, ой-пікірі бар, ұстанымы мықты, байламы берік азаматты аудан басшылары да орындары қастырып тұтыпты. Сол тұстағы Нарынқол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Рақыжан Мақашев оны Алматыдағы ауылдық кеңес төрағаларына арналған курсқа оқуға жіберіп, содан кейін Текес ауылдық кеңесіне төраға етіп тағайындайды. Әбілқасым аудан басшыларының сеніміне селкеу түсірмеуді басты борышы санады. Қазақ-орыс аралас алты мыңға жуық халқы бар Текес сияқты ауылдың іргесін кеңейтіп, өрісін өркендетуге, мәдениетін көтеріп, әл-ауқатын арттыруға бар қажырын жұмсады. Бүгінде Текес ауылының іргелі елдімекен қатарынан көрінуіне бір кезде Әбілқасымдай халқын сүйіп, қастерлеген азаматтың сөз көмегі мен бөз көмегі, ақыл-парасаты, адамдық асыл қасиеті қуат бергенін ауыл тұрғындары сүйсіне әңгімелейді. Ауыл жұртының жайын ойлап қана қоймай, «Тар жол, тайғақ кешу» кезеңдері тағдыр айдап, жат жерді паналаған тумаларына да демеу-сүйеу болыпты. Қытай асқан ағайындарына кеңес үкіметінің құжатын жасап, туған жерлеріне оралуына ықпал етіпті. Ақ пейіл азаматтың бұл жақсылығын ол ағайындар ұмытқан жоқ. Әрдайым естеріне алып, иманды болуын тілеп отырады.

Әбілқасым Ақымжановтың Текес ауылынан басталған сұрлеу соқпағы бұдан кейін Жамбыл ауылдық кеңесінде жалғасты. Амал қайсы? Айтып келмейтін ажал шіркінге дауа жоқ. Қызмет бабымен мал отарларын аралауға шыққан бір сапарында кездейсоқ автокөлік апатынан қазаға ұшырады. Ел басына төнген нәубеттің, өз басына төнген ердің ері ғана шыдайтын қаралы күндердің бәрін кайыспаған қайран жүрек туған топырағында осылайша аяқ астынан келген кесепаттан 1965 жылдың 14- желтоқсаны күні соғуын мәңгілік тоқтатты. Асыл азамат Отанын, отбасын, аяулы жарын, Сібірде дүниеге келген Әбілжан, Нұржамал, Нұржандарын, олардың артынан ілесе Текесте туған Ержан, Гүлнар, Әбілқайыр атты өнегелі ізін жалғастырар ұрпақтарын артына қалдырып, мәңгілік мекенінен орын тапты. Марқұмды қаралы қауым қабырғалары қайыса аза тұтып, жер қойнына тапсырды.

Сібірдің ақырған аязында өзіне адал жар, айнымас серік бола білген Айман шешей тосыннан келген қайғыға қара нардай төтеп берді. Текес орта мектебінде зертхана менгерушісі болып зейнетке шыққанша абыройлы қызмет жасады. Алты балаға әкелерінің жоқтығын білдірмеді. Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға талатпай бағып-қағып, тәлімді тәрбие берді. Қызы әке мен аяулы аналарының өнегесін бойларына сіңірген ұл-қыздары елі сыйлап есікте отырғызбайтын азаматтар бұл күнде. Бәрі де өздері қалаған мамандық иелері атанып, қоғамның дамуына лайықты үлестерін қосуда. Айман Батырқызы ұрпақтары мен олардан тараған жұрағаттарының қызығын көріп, 2008 жылы 83 жасында өмірден озды.

Иә, Әбілқасым Ақымжановтың қаламымызға арқау болуына көшенің аты себепші болды емес пе? Сөйтсек, ол кісіге көрсетілген құрмет те, жасалынған шаралар да, қандайда бір игі іс болсын, бәрі де занды, орынды екен. Көше атының берілуі де сондай құрметтің белгісі екен. Елінің болашағы, бостандығының баянды болуы үшін тер төккен, жазықсыз жапа шексе де туған халқына қалтқысыз қызмет көрсетуден айнымаған Әбілқасым қандай құрметке болса да лайық. Бүгінгі ұрпақ осыны естен шығармаса болғаны.

Жұмабек ТӘЛШҰЛЫ.

Текес ауылы Райымбек ауданы



Халық игілігі

# Бақбақтылықтар қуанышқа бөленді

**Бақбақты ауылдық округінде 2023 жылдың қыркүйек айында құрылыс жұмыстары басталған саябақтың таңда ашылу салтанаты болып өтті.**

Ауыл көркін ажарландырып тұрған жаңа саябақтың ашылу салтанатына арнайы барған аудан әкімі Азат Құтпанбетов алғашқы сөз кезегін алып, қазіргі таңда өңірімізде аудан тұрғындарының игілігі үшін атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға баса тоқталып, соның бірі Бақбақты ауылындағы саябақтың құрылыс жұмыстарын жүргізген «Азамат Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінгі таңда аталмыш нысанды толыққанды аяқтап, ауыл тұрғындарының игілігіне пайдалануға бергелі тұрғанын ерекше атап өтті.

Бақбақтылықтарды қуанышты сәттерімен құттықтаған аудан басшысы өз сөзінде «Бұл саябақтың келешекте гүлге оранып, сәні мен салтанаты жарасып, іші-сырты таза болып тұруы әрбір ауыл тұрғынының міндеті деп есептеймін. Өйткені ауыл тазалығы - бірінші кезекте жергілікті халықтың қолында. Елдің өсіп-өркендеуі осы ауылға байланысты. Ауыл дамыса еліміз көркейетіні баршаға аян. Көпшілікке есігін айқара ашқан керемет саябақтың ішінде бүлдіршіндеріміз алаңсыз ойнап, ардагерлеріміз, ауыл тұрғындары бір



сәт демалып отырғанын көру-біз үшін қуаныш.

Дана халқымызда «Ауылына қарап, азаматын таны» деген қанатты сөз бар. Олай болса, ауылымыздың тазалығы, көркейіп-гүлденуі жолында бәріміз бірге атсалысып, ауылымызға көрік берген әсем саябақты мәпелеп, күтіп ұстауға атсалысайық!» деп, ауыл тұрғындарына бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын деген жүрекжарды ақ тілегін арнады.

Келесі кезекте сөз алған ауданның Құрметті азаматтары, Бақбақты ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрсейіт Сарбасов, «Құрмет» орденінің иегері Сапарғали Сәтпаев, ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы Садық Үркімбаев және Отбасы және әйелдер ұйымының төрайымы Жанымгүл Дауылбекова ауыл тұрғындарының тілегін

қабыл алып, осындай саябақтың бой көтергеніне ықпал жасаған аудан әкімдігіне ауыл тұрғындары атынан ризашылықтарын білдіріп, ауылдың тарихына кеңінен тоқталып, ауылдың жылдан-жылға өсіп-өркендеп келе жатқанын тілге тиек етіп, ауыл

тұрғындарын ауызбірлікке шақырып, қуаныштарымен құттықтады.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары Айбын Батырбаев, Алмабек Садықов, Гүлмира Рахимова, Еркежан Қожахан әннен шашу шашса, Бақбақты ауылының кіш-



кентай өнерпазы, «Балауса» байқауының І-ші орын иегері Темірлан Әбубек «Адай» және «Балбырауын» күйлерін нақышына келтіре орындап, мәдени шараның көрігін онан әрмен қыздыра түсті.

Күй күмбірлеп, ән қалықтап, ақ тілектер ақтарылған мәдени шараның соңында саябақ лентасы салтанатты түрде кесіліп, ауыл әжелері шашу шашып, жиналған көпшілік саябақты аралап, мәре-сәре болып, бір маркайып қалды. Өйткені бақбақтылықтар осы сәтті көптен бері күтіп жүрген болатын-ды.

Ауыл тұрғындарының қайсы бірінен саябақ жайында сұрасақ, «Бұл саябақ ауыл жастарының бос уақыттарын көңілді өткізетін және қариялардың немере – шөберелерін жетектеп, серуен құратын керемет демалыс орны болды. Ауылға келген қонақтарды да осы жерге алып келіп, бұл жердегі балалар ойнайтын алаңдарды көрсетіп, мақтанамыз» деп жауап берді.

Шынында да ауыл тұрғындарының мақтанатындай жөні бар. Саябақ ішінде қылқан жапырақты ағаштар мен жасыл-желек жайқалып өсіп тұр. Демалушыларға арналған орындықтар мен балалар емін-еркін ойнап, спортпен айналысуларына көп жағдай жасалған. Кешкі мезгіл болғанда айналаға жарық беріп тұратын түнгі жарықтар да талапқа сай орнатылған екен.

**Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.**  
Балқаш ауданы.

Түлектер кездесуі

## ЕЛУ ЖЫЛДЫ АРТҚА ТАСТАП...

**«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деп аталарымыз бекер айтпаған. 1964 жылы Қорам орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1974 жылы мектеп бітірген қазақ, орыс, ұйғыр сыныптарында оқыған оқушылардың ішіндегі қазақ сыныптарының оқушылары 40 жылдық кездесу жасап 2014 жылы кездескен болатын. Биылғы кездесу ерекше болды.**

Кездесуге ат арылтып Қырғызстаннан, Астанадан, Жамбыл облысынан, Алматы облысының әр ауданынан келіп, елу жыл бірін - бірі көрмегендер қайта танысты. Алтын ұя мектебіне барып, арнайы алған сыйлықтарын мектепке тапсырды. Өздерін оқытқан ұстаздарының көбі өмірден өткен. Қорам ауылының танымал оқытқан, ұстаздардың ұстазы деп мақтанышпен айтуға болатын Серік Алжамағатов ағай, Жайнақан

өзі оқытқан оқушыларына «біздің жасымызды, жолымызды сендерге беріп, мен сияқты немере - шөбере сүйіп, аға - әже болындар», - деп аналық, әжелік сөзін айтты. Сыныптастар ұстаздарын ортаға алып естелік суретке түсіп, көз алдарында жылжып өткен бала кездеріне бір саяхат жасап, әңгімелері жарасып, бір маркайып қайтты.

Өздерін оқытқан, өмірден өткен мектеп ұстаздарына, бірге оқыған

лауса бала күндерін естеріне алып бір маркайып қалды. Ерtesі сағат 10-да мешітке жиналып, күннің жауып тұрғанына қарамай табиғат аясына шығып, бала кездерін естеріне алып бір жасап қалды. Кешкісін Байсейіт аулындағы дәмханаға барып отырып, күндіз таза ауада айтып бітіре алмаған әңгімелерін дастархан басында жалғастырып, бірін - бірі кимай тағы 55 жылдықта төрт көзіміз түгел болсақ, тағы кездесеміз деп бәрі бірауыздан шешім қабылдады. Осы кездесуді өз қолына алып, жоғары деңгейде белсенді ұйымдастырушы тамада қызметін өз қолына алған Ақан бастаған ұйымдастырушыларға, сөйлеген сыныптастарымен бірге қатысқандар кездесу өте жоғары деңгейде өткенін айтып, риза көңілмен қайтты.



Бекмұхамбетова, Мария Тамашаева апайларын кездесуге шақырып, сыйлықтарын табыстап, дендеріне саулық, отбастарына амандық тіледі. 75-тен асқан ардагер ұстаз Алжамағатов Серік ағай жүрек жарды сөзін айтып, батасын беріп, өзі оқытқан оқушыларына бар жақсылықты тіледі. Жайнақан апай

өмірден өткен 17 сыныптастарына Қорам аулындағы мешіттің қатымханасында кішігірім ас берілді. Асқа өмірден өткен қыз - жігіттердің отбасынан арнайы шақырылғандар келіп қатысты. Қорам аулындағы қазіргі мешіт бұрынғы өздері оқыған мектеп болған, сыныптарына барып естелік суретке түсіп, ба-

Үш күнге жоспарланған кездесуге келген сыныптастардың тарихында ерекше қалатын жақсы демалыс кездесу болды деп, риза көңілдерімен кимай қоштасты.

**Нұрғайша МАНАПОВА,**  
ардагер ұстаз.  
Еңбекшіқазақ ауданы.

Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл

## АҚЫННЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ



**Баршамызға белгілі үстіміздегі жылы өз заманының дүлдүл ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толады. Осыған орай 2000 жылы Елорда баспасынан шыққан Кенен Әзірбаевтың «Аңыздар сыры» деген атпен әңгімелер жинағындағы ақынның жадында сақталған қазақтың батырлары, ел арасындағы дау-дамайды жалғыз ауыз сөзбен шешкен шешендері, әншілер, сал-серілер, ақындар туралы жазғандарын «Ақынның әңгімелері» деген атпен оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.**

### Үш би

Қазақ халқының атақты үш биі болған. Олар-Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Асқан әділеттіліктері үшін халық оларды би деп атап кеткен. Бұл билердің қасиеті бірін бірі ардақтаған, бақталастық, күншілдік істемеген. Төле би жас жағынан үлкен болған соң да «Әз Төле, Әз аға» деп кеткен екен. Бұлардың үлгісі аз сөйлеп, көп тыңдайды, сондықтан да сол замандағы неше алуан дау-жанжалдар осы кісілердің айтуымен шешіледі екен. Қазақтың қай ру, қай аталарына барсан да үш биге талас жоқ, ардақты ағамыз еді, ондай кісілер өмірде сирек туады деп, бас иеді. Үш жүзде үш тіреу, үш мүстін деп бағалайды. Үшеуінің әділ де, адал еңбектері бүгінге дейін ел аузында айтылып келеді. Бұл кісілер жайлы аңыз-әңгімелер өте көп. Сондықтан көп естіген аңыздарымның бірін өлеңмен жазып қойып едім.

### Алғашқы жер бөлісу

Қазақта үш би бопты ел қалаған  
Аузына не айтады деп, жұрт қараған.  
Әз төле, Қазыбек би, Әйтеке би,  
Үлгілі үшеуінен сөз тараған

Үшеуі ақылдасып жер бөледі,  
Үлкен деп Ұлы жүзге жол береді,  
«Әз Төле, қалау сізге берілді», деп  
Әйтеке, Қазыбек би тең келеді

Төле би таңдап алыпты Алатауды,  
Ол кезде мекендепті Қаратауды.  
Сол заман халық қандай ынтымақты,  
Қазаққа үш ақ кісі айтқан қаулы.

(Жалғасы бар.)



Бәрекеді!

# Қошеметпен қол соқтырған, Қасиет!

Бүгінгі күні спорт әлеміне бет бұрған, тал-шыбықтай балауса балғындарды көргенде, көкірегіңді қуаныш сезімі билеп, оларға еріксізден қызыға қарайсың. Қарап қана қоймайсың, таудай талаптары қалай болар екен деп, көпшілік алдындағы сайысқа толы өнерлерін де тағат таппай тамашалайсың. Бірде жеңістен, бірде жеңілістен тұратын спорттағы олардың бірде қуанған, бірде мұңайған жүздерін көріп, өмірдің күрестен тұратынына тоқтам жасайсың. Құлашыңды да кеңінен сермегің келеді.

Қарғадай ғана Қасиет Бауыржанқызы аяғын апыл-тапыл басқаннан-ақ, бір орнында тұра алмай, шиыршық атып жүретін. Кішкентай бүлдіршіннің таудай талабы бала бақша табалдырығын аттағанда анық ганыла бастады. Оның ата-анасынан кейін басы-қасынан табылатын тәрбиешісі Гүлжамал Майлыбаева апайы да оны алған бағытынан қайтармай, қайта спортқа деген құлшынысы мен ұмтылысына қуанып, құптаумен болды. Қаршадай қыздың қаз басқан қадамындағы жақсылығын әкесі Бауыржан мен анасы Хилоладан да жасыра алмады. Екеуіне де оның ертеңгі күні өнер мен спорттағы жұлдызы жанған жүйрік боларын жайып салды.

Балалардың бағбаны бекер болжам жасамапты. Айтқаны айдай келіп, Қасиеттің өнер мен спортты сенімді серігіне айналдырып, өрге жүзген талабы талайды тамсандырып тастады. Енді осы айтқанымызды айғақтайтын дәлелдерді алдарыңызға тартайық. Сасуақпен санап айтар болсақ, 8 жасар қайсар қыздың бүгінгі күнге дейін өнер мен спорттан алған айтулы марапаттарының өзі 15-ті құрайды екен. Бұл-бармақтай қыз үшін көрнекті көрсеткіш. Мұндай абырой биігіне

екінің бірі көтеріле бермейді. Сөзіміз құрғақ болмау үшін, енді солардың біразын айта кеткенді жөн санадық.

Оның өнердегі алғашқы жетістігі-республикалық «Talantтар әлемінде» балалар мен жасөспірімдер байқауында «Аққу» биімен «Хореография» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, І-ші дәрежелі дипломмен марапатталуы. Сол сияқты екінші рет республикалық «BaJa Fest» өнер байқауында да мерейі үстем болып, тағы да І-ші дәрежелі дипломды еншілеуі. Ал, «Тайжарыс-Талант», «Өнер алаңы» байқауында да суырылып шыққан даралығымен І-ші орынды жеңіп алады. Өнердегі осындай дәрежедегі марапаттары айта берсе, баршылық.

Ал, Қасиеттің екінші қыры спорттың Киокушинкай-Кан Каратэмен айналысуында жатыр. Одан да құры-алақан емес. Жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Бұдан алғашқы жеңісі-республикалық жарыста 22 кг салмақта ІІ-ші орынды иеленуі. Осы жарыстың түрінен Алматы облысының чемпионатында оның 23 кг салмақта несібесіне бұйырған ІІ-ші орыннан көрінуі де тегін емес. Қасиеттің республикалық Ұлттық Киокушинкай-Кан каратэ Федерациясынан 8-9-10 КЮ



дәрежесін иеленген сертификаттары оның спорттың осы түрінің шебері екенін айғақтайды. Мұндай сертификаттардың қазір оның қолында оншақтысы бар. Шынашақтай ғана қыздың каратэдегі шеберлікті осы жасында еркін меңгеріп келе жатқандығы талайларды таңдандырумен жүр. Ең бастысы жеңіске жетіп, осы марапаттарды аларында оның жанкүйерлерінің жаны қалмай, Қасиеттің құрметі үшін қошеметпен қол соққандары олардың жүрегінде ұмытылмастай болып сақталып қалды.

Қасиет Бауыржанқызы қазір В.Г.Белинский атындағы орта мектептің 2-ші сыныбын бітірді. Сынып жетекшісі, ұлағатты ұстаз Аяулы Әліпова таудай талабы бар шәкіртінің өнер мен спортта абыройлы болумен қатар, оқуда да озаттар сапында екенін ерекше ризашылық сезіммен тіліне тиек етеді. Шынында да өнердегі өресінің биіктігі, спортта шымырдай шынығып өскендігі, білімдегі қарымды қабілеті Қасиеттің қайсарлығының белгісіндей менмұндалап көрініп тұрады. Ол әпкесі Ақниеттің, сінділері Аяланың, Ақжібектің, інісі Битөренің қашан болсын жақсы жақтарынан жарқырап көрінгенін қалайды. Тілеуі де сол.

– Біз Қасиет қызымыздың сан қырлы талантына анасы Хилола екеуіміз ғана емес, әулетіміз болып, қуанып жүрміз. Оның осылай жүргені біздің мерейімізді тасытып келеді. Оның әлі көрер қызықтары мен шығар биіктері алда ғой. Алламыз оны тіл мен көзден сақтасын дейміз, – дейді оның ақ жүректі әкесі Бауыржан Сәкенұлы Жиренбаев.

Өнер мен спортқа енді ғана еркін қадам жасай бастаған Қасиеттің алар асулары көп-ақ. Оның осы биіктеріне қайсарлық қабілетімен қапысыз жетеріне оның жанкүйерлерінің күмәні жоқ. Оның сол жетер жеңістеріне қошеметпен қол соғылып, лайықты құрмет көрсетілетініне біздің сеніміміз берік. Лайым солай болғай!

**Қанат ТӘКЕБАЕВ,**  
Қазақ журналистикасының қайраткері.  
Қарасай ауданы.

## Спорт

### МВД И СПОРТСМЕНЫ – ПРОТИВ НАРКОТИКОВ!

На днях в Алматы прошло грандиозное, не побоимся этого слова, событие! Спортивный клуб имени Сагадата Нурмагамбетова при поддержке молодежного объединения «Алатау жастары», совместно с МВД республики провели ежегодный международный турнир по бразильскому джиу-джитсу и грэмплингу AIGA – «Sagadat batyr open», посвященный Международному дню борьбы с наркоманией и незаконному обороту наркотиков.

С приветственной речью к собравшимся спортсменам, представителям из МВД, департамента по борьбе с наркопреступностью и гостям обратился почетный президент клуба имени Сагадата Нурмагамбетова Е.С. Турмбетов. Ерболат Сапарович отметил важность проведения данного турнира

культуре и спорту – это противодействие пагубному «влиянию улицы», «сомнительным авторитетам», борьба с растущим влиянием на общество вредных привычек.

С благодарностью к организаторам турнира за важную инициативу по продвижению здорового образа жизни

шим места, организаторы турнира и почетные гости вручили грамоты, медали, денежные призы и ценные подарки от партнеров.

Нурсултан Орынбасаров, главный организатор турнира, руководитель спортивного клуба имени генерала Сагадата Нурмагамбетова, а также председатель областной молодежной организации «Алатау жастары» сказал представителям СМИ следующее: «Турнир прошел на очень высоком уровне. Я доволен выступлениями своих ребят. Первые два места завоевали мои воспитанники - спортсмены академии имени Самата Рамазанова и клуба имени Сагадата Нурмагамбетова. Во многих соревнованиях наши ученики показывают высокие результаты, защищают честь страны на мировых аренах. Ну, а кто не стал победителем, хочу сказать, не отчаивайтесь! У вас все впереди! Двигайтесь к своим целям! Отдельная благодарность представителям партии «АМАНАТ», Молодежного крыла «Жастар Рухь», районных и областного акиматов, ветеранам МВД, депутатам районных и областного маслихатов, родителям, СМИ».

И в заключение, Нурсултан просил отметить в газете людей, без участия которых был бы невозможен этот великопленный праздник спорта! Не состоялись бы состязания, где проявляли свое мастерство, дух, силу воли сотни мальчишек и девчонок и достойно поощрены победители, все участники турнира! Спонсорами выступили: основатели одного из первых автосалонных электроавтомобилей «Auto Central Kazakhstan» Кадиров Али Канаулы, Шопанов Ануар Мухтарулы, руководитель строительной компании «Kaz SMU» Жапаров Кенжебай Зинельгабиденович, генеральный директор ТОО«Qazaq Sara» Турганбаев Асхат Камидоллаевич, административный директор Абдикадилов Ринат Абсаланович, директор компании «Bigame Hunters» Рыскеев Манас Эрнисович, генеральный директор ТОО«ТЕХ-НОГРАД» Талгатов Зия Балалдинулы.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**  
(по данным пресс-службы турнира)

## Ризашылық

Адам жанының арашашысы болып жүрген ақ халатты абзал жандарға деген халықтың құрметі мен сүйіспеншілігі қашан да бөлекше болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда олардың жұмысында ұсақ-түйектік болмайды. Сондықтан да болар жүздерінен мейірім шуағы төгіліп тұратын жайсаң жандар жауапкершілік жүгін жақсы сезінеді.

### АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ АЙЫРЫҚША

Қазіргі уақытта «Халық айтса, қалт айтпайды» деген қанатты сөздің қадірі артпаса, төмендей қойған жоқ. Оған да халық өз тарапынан лайықты бағасын беріп жатады. Түйіндеп айтқанда, өмір өз дегенін істейді. Аурудың ауырмайтын жолдарын іздеп алас ұрып Шамалған ауылындағы ЖЖҚ «Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы» КМК терапия бөлімшесі жайлы осында емделіп шыққандар тарапынан жиі-жиі жылы лебізге толы пікірлеріне қанығып жататынбыз. Енді міне, соған айқын көзіміз жетіп отыр.

Біз де аяқ астынан ауырып, осы ауруханаға түсіп қалдық. Аурудан айығудың жолдарын қарастыруға тура келді. Бәрі де іздегенге сұрағандай сай болды. Мұндағы дәрігерлердің қай-қайсысы болса да науқастарға талап тұрғысынан қарап, жарғақ құлақтары жастыққа тимей, зыр жүгіріп жүргендері. Аталған бөлімде екі аптаның ішінде 45-ке жуық науқастар жатып, ем қабылдайды екен. Осында жатқан науқастар бізден бір ауыздан: «Сіздер барлығымыздың атымыздан осындағы дәрігерлерге деген ақ ниетті алғысымызды газет арқылы білдірсеніңдер. Олар үшін үлкен абырой осы ғой» деп өтініш жасаған еді.

Жандары жабырқап жатқан жандардың бұл өтінішін біз қарсылықсыз қабыл алдық. Атап айтқанда, аурухананың бөлімше меңгерушісі Эльмира Бекжанова, дәрігерлер Жанар Тортобаева, Мадина Байкүлова, Әлия Рәзім, Жамила Мамедова, Зауре Ержанова, Тамшын Әтеева, Әсемай Ержанова, Әйгерім Жұмағалиева, Жанылыс Құсайынова, Мария Оралбаева, Камшат Иманова, Әйгерім Аманова, Зоя Құрбанбаева, Айдана Бақдәулетқызы, санитарка Гүлназ Исаева, Орынкүл Әлмұрат, ас таратушы Сара Шегебаева, Несібелі Кенжеғұлова, Гауһар Қойлыбаева, Дина Полатбекова, Соня Сейліханова, Гүлшат Ниязбекова, Әсел Молдаханова, Индира Әлиева, Жанар Кенқарасевалардың аттарын ардақтап айтуға болады. Бұларды қалай мақтаса да жарасады. Бұларға айтар алғысымыз айырықша. Осынау жандардың ақ халаттарын кір шалмай, арқалағандары алғыс болсын демекпіз.

**Науқастар атынан алғыс білдірушілер:**

**Қанат ТӘКЕБАЕВ,**  
Алматы облысының және Райымбек ауданының Құрметті азаматы,  
**Гүлсім ҚЫБЫРАЕВА,**  
Күміс және Алтын алқа төсбелгілерінің иегері,  
Қарасай ауданы.



в следующих аспектах. Это вовлечение нашей молодежи к спорту, к здоровому образу жизни, к воспитанию лучших человеческих качеств - силы воли, выносливости, целеустремленности к победе!

Напомним, что в соответствии с поручением Главы государства разработан и утвержден постановлением Правительства «Комплексный план по борьбе с незаконным оборотом наркотиков и наркоманией на 2023 -2025 гг.».

Заместитель начальника департамента по противодействию наркопреступности МВД РК Бахытжан Амирханов отметил, что в стране ведется активная работа по борьбе с наркоманией, а вовлечение детей к физической

среди молодежи выступила председатель Молодежного крыла «Жастар Рухь» партии «АМАНАТ», Акерке Искандерова.

Среди гостей также были депутаты маслихатов, представители молодежных организаций, областных и районных акиматов, ветераны МВД и многие другие.

В соревнованиях участвовало более 300 юных спортсменов в возрасте от 4 до 15 лет из многих регионов страны и зарубежья.

По итогам турнира первое общекомандное место заняли спортсмены академии имени Самата Рамазанова, второе - «Sagadat batyr QTT», третье - «Roller Academy».

Командам и призерам, завоевав-

**АЛАТАУ Ардагері**  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
**Директор:**  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
**ТІЛШІЛЕР:**  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.  
**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200  
Тапсырыс №1087  
Индексі – 65472.